

Зайсан ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 2025 жылғы 30 қазандағы № 42/2-VIII шешімі

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 14-1-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы, 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 30 мамырдағы № 187 "Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2025 жылғы 30 мамырда №36186 тіркелген) бұйрығына сәйкес, Зайсан аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Зайсан ауданындағы тұрғын үй сертификаттарының мөлшері және оларды алушылар санаттарының тізбесі осы шешімнің 1,2 қосымшаларына сәйкес айқындалсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Зайсан аудандық мәслихатының төрағасы

Е. Загипаров

Зайсан аудандық мәслихатының
2025 жылғы 30 қазандағы
№42/2-VIII шешіміне
1 қосымша

Тұрғын үй сертификатының мөлшері

Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама шеңберінде ипотекалық тұрғын үй қарызын пайдалана отырып, тұрғынжайды меншігіне сатып алу немесе "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын алу құқығын іске асыру үшін Зайсан ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының бірыңғай мөлшері 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден белгіленсін.

Зайсан аудандық мәслихатының
2025 жылғы 30 қазандағы
№42/2-VIII шешіміне
2 қосымша

Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының тізбесі

Зайсан ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарын алушылар санатының тізбесі айқындалсын:

Ұлы Отан соғысының ардагерлері;

жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер ;

басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері;

бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар;

мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылар;

жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер;

кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жатады. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылады;

қандастар;

экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар;

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар;

мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары;

толық емес отбасылар;

асырауында кәмелетке толмаған балалары және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын, бірақ жиырма үш жасқа толмаған балалары бар жесір әйелдер (тұл ер адамдар);

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар.